

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Экономика және бизнес Жоғары мектебі

«Қаржы және есеп» кафедрасы

NU 4330 «Салық есебі»

пәні бойынша

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

4-курс

**«5B050900 – Қаржы» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының оқу
жоспары негізінде**

Алматы, 2021ж.

Құрастырушы:

Сихимбаева Б.Н.,
«Есеп және аудит» кафедрасының
аға оқытушысы

«Салық есебі» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

«17» қараша 2021ж., хаттама №5

**«Салық есебі» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу
бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстар
КІРІСПЕ**

Осы курсты оқыту нәтижелері бойынша Moodle қашықтықтан оқыту жүйесінде (ҚОЖ) қорытынды емтиханы тестілеу арқылы жүргізіледі.

Тестілеуден өтуді бақылау – Прокторинг немесе оқытушы ZOOM қосымшасы арқылы бейнежазба жасайды. Оқытушы емтихан тапсырушылардың сынақтардан адал өтуін: тапсырмаларды өздері орындауын және қосымша материалдарды пайдаланбауын бақылайды. Емтиханға университеттің оқу бөлімі, ЭЖБ деканаты, Жоғары мектептің әдістемелік бюросы тарапынан қалыптасқан арнайы комиссия мүшелері де қатыса алады.

Сессия аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде бейнежазба сақталады. Тестілеудің ұзақтығы: Емтихан кезіндегі тест сұрақтарының саны – 25 сұрақ кез-келген тест жиынтығындағы сұрақтардың саны бойынша. 1 мүмкіндік.

Тестілеуге берілетін уақыт – 60 минут.

Бағалау саясаты: бір сұрақ дұрыс жауап берілген жағдайда – 4 баллға бағаланады. Дұрыс жауап берілмесе 0 балл.

ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ: емтихан студенттерге алдын-ала белгілі кесте бойынша өткізіледі.

«Салық есебі» пәні бойынша тест тапсырмаларының 5 түрі қолданылды: көптік таңдау, сәйкестік тесті, дұрыс/бұрыс, сандық жауап және қысқаша жауап.

Студенттер міндетті түрде Univer АЖ-да және Moodle ҚОЖ-да жүктелген пән бойынша жасалған Қорытынды емтихан бағдарламасымен және емтиханды өткізу ережелерімен толық танысуы керек.

Әрбір студент емтиханға 30 минут бұрын дайындалуы керек.

Студент өз атына ашылған аккаунттан кіруі қажет, бұл алдын ала ескертіледі, оқытушы тарапынан қадағаланады.

Студенттер бір мезетте өз жеке бастарын куәландыратын құжатты камера арқылы көрсетіп растайды. Осыдан кейін Moodle ҚОЖ-да тест сұрақтарына жауап беруді бастайды.

Студенттер оқытушының талап етуімен өз экрандарын кезекпен көрсетіп отырады.

Емтиханды тапсыруды аяқтаған студент оқытушыға хабарлап, оқытушының рұқсатымен қосымшадан шығады.

Moodle ҚОЖ-да – жиналған балл тестілеуден кейін бірден құрылған «Тест» элементі үшін Moodle жүйесінің бағалау журналында көрсетіледі.

Оқытушы баллды Univer АЖ-дағы аттестаттау тізімдемесіне қояды. Балл қоюға берілген уақыт – 48 сағатқа дейін.

Тестілеу нәтижелері бейнежазба нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

Төмендегі тақырыптар бойынша емтихан сұрақтары дайындалады:

1. Салық салу жүйесі, салық механизмі, салық есебінің заңнамалық негіздері.
2. Бухгалтерлік есеп және салық есебі арасындағы байланыс,

кәсіпорынның салық саясаты.

3. Заңды тұлғалардың жылдық жиынтық табысы туралы түсінік, табыс түрлері.

4. Шығындардың салық есебі және оларды шегерімге жатқызу тәртібі.

5. Шегерімдердің кейбір түрлерін салық есебінде шығынға жатқызу ерекшеліктері.

6. Табыстар мен шегерімдерді түзету.

7. Әлеуметтік салада қызмет атқарушы ұйымдарға салық салу ерекшеліктерін ашып көрсету.

8. Залал түсінігі мен залалды көшіру тәртібі.

9. Ұйымның салық саясаты.

10. Халықаралық салық салуға қатысты салық кодексі тұжырымдаулары.

11. Арнайы салық режимін қолдану кезіндегі салық есебі.

12. Қосымша құн салығы бойынша салық есептілігін құру ерекшеліктері.

13. ЖТС пен әлеуметтік салық бойынша салық есептілік нысандары.

Емтихан тестін тапсыру нәтижесінде студенттерде қалыптасатын қабілеттіліктер:

- ҚР салық салу жүйесі негізінде кәсіпорынның салық саясатын қалыптастыру.
- заңды тұлғалардың жылдық жиынтық табысы мен шегерімдерін анықтау;
- ұйымдарға салық салу ерекшеліктерін ашу;
- ұйымның салық саясатының мазмұнын және құрылымын қалыптастыру;
- ҚҚС, ЖТС пен әлеуметтік салықтарды есептеу әдістерін меңгеру.

«Салық есебі» пәні бойынша емтихан сұрақтары:

1. ҚР салық есебін реттеуші нормативтік базалары;
2. Салық төлеуші құқығы мен міндеттері;
3. Салық бақылауы мен салық тексерулері;
4. Бухгалтерлік есеп және салық есебі арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар;
5. Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің пайда болу себептері және оларды есептеу ерекшеліктері;
6. Жылдық жиынтық табыс есебіне қатысты салық кодексінің нормалары;
7. Жылдық жиынтық табыс түрлері мен салық салу объектілері;
8. Өнімді сатудан түскен табыстың салық есебі;
9. Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстары;
10. Күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстары;
11. Құн өсімінен алынған табыс есебі;
12. Өтеусіз алынған мүлік бойынша табыстары;
13. Жылдық жиынтық табысқа кіретін табыс түрлеріне салық регистрін толтыру ерекшеліктері;
14. Жылдық жиынтық табыстан алынатын шегерімдер есебінің нормаларын салық кодексі бойынша тұжырымдамасы;
15. Төленген күмәнді міндеттемелер бойынша шегерімдері;

16. Күмәнді талаптар бойынша шегерімдері;
17. Салықты және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдерді шегеру ерекшелігі;
18. Қызметтік іссапарлар кезінде өтемақылар сомасының шегерімі;
19. Өкілдік шығындар;
20. Сыйақы бойынша шегерімдер;
21. Жылдық жиынтық табыстан алынатын шегерімдер есебінің нормаларын салық кодексі бойынша тұжырымдамасы;
22. Тіркелген активтерді шектелген амортизациялық нормасы бойынша топтарға бөлу және амортизациясын есептеу ерекшеліктері;
23. Тіркелген активтің құн балансы;
24. Тіркелген активті ағымдағы, күрделі жөндеудің салық есебі;
25. Шегерімге жатқызылмайтын шығындары;
26. Шегерімдер түрлері бойынша салық регистрін толтыру әдістері;
27. ЖЖТ түзетуге қатысты салық кодексі нормалары;
28. Салық салынатын табыс көлемінің азаюы мен салық төлеушілердің кейбір категориялар бойынша салық салудан босатылуына қатысты салық кодексі нормалары;
29. Залал түсінігі мен залалды көшіру тәртібі;
30. Ұйымның салық саясаты;
31. Салық есептілігін мерзімінде өткізбеуге байланысты және салық есебін жүргізудегі құқық бұзушылықтар бойынша жауапкершілік;
32. Халықаралық салық салуға қатысты салық кодексі ерекшеліктері;
33. Арнайы салық режимінің барлық түрлері;
34. Оңайлатылған салық салу жүйесін қолдану кезіндегі салық төлеушінің есеп саясатының мәні;
35. Ұйымдағы салық есебінің ерекшеліктері мен салық салу бойынша арнайы салық режимін қолдану шарттарын сақтау артықшылықтары;
36. Салық салудың басқа режимінен арнайы салық режиміне өту барысындағы салық базасын есептеу ерекшеліктері;
37. Жеке кәсіпкерлік нысанында салық есебінде табыстарды тану артықшылықтары;
38. Салық есептілігін ұсыну мен төлеу мерзімдері;
39. ҚҚС бойынша салық есептілігін құру ерекшеліктері;
40. Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықтарды есептеудің ерекшелігін сипаттаңыз және декларация нысандарын ұсыну тәртібі.

Әдебиеттер:

1.«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептулік туралы» Қазақстан Республикасының заңы (4.10.2017жыл бойынша өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес)

2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ

3. ҚР заңы 19 наурыз 2010 жылдан № 257-IV «Мемлекеттік статистика туралы» (25.12.2017 жылға сәйкес өзгертілер мен толықтырулар бойынша.)

4. Салықтық есептілік нысандарын толтыру ережелері. ҚР Қаржы Министірлігі Бұйрығы 21.06.2016ж. № 324.

5. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2021 жылғы 1 қыркүйек. ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

6. Салық және салық салу : [Мәтін] : оқу құралы / С. Т. Жакипбеков, А. С. Канатов ; ҚР Білім және ғылым м-гі. - Алматы : EXLIBRIS, 2016. - 206 б.

Интернет-ресурстар:

1. *Статистикалық есептілік жасау бойынша әдістеме.*
stat.gov.kz/faces/homePage?_adf.ctrl-state

1. 2. Бухгалтерлік (қаржылық) есептілік /Бу: Чернов В. А.. Юнити-Дана, 2015.
Language: Russian, База данных: Университетская библиотека онлайн -
UniversityLibraryOnline